

**Педагогикалық кеңес отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік эстетикалық дамуы»

Өткізілген күні: «03» 03. 2025 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек»бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Төрайымы: Қ.Д.Бақтыбаева

Хатшы: Ш.А.Бодаубекова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тақырыптық бақылау қорытындылары – (тақырыптық тексеру нәтижелері бойынша талдамалық анықтама)
3. Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту (өз тәжірибесімен бөлісу)
4. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын (шығармашылық есепберу)
5. Шебер сынып: «Сурет салу техникасы»
6. Жан-жақты тексеру: Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру.
7. Ағымдағы мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ

Бірінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Жуманова Г.А., Бодаубекова Ш.А. мектеп жасына дейінгі балалардың көркемдік-эстетикалық дамуы туралы баяндама жасады. Баяндамада балалардың өнерге қызығушылығын арттыру, әсемдікті қабылдау қабілетін қалыптастыру және шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелері қарастырылды.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер Ермекбаева Г.Ж. көркемдік-эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру барысында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка, театрландырылған ойындар және сәндік-қолданбалы өнер элементтерін тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша:

Музыка жетекшілері Бейсенова А.И., Абжанова Г.М. тәжірибе алмасып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-тәжірибелерімен бөлісті. Топтарда ұйымдастырылған көрмелер мен шығармашылық жұмыстардың нәтижелері талқыланды.


Шебер сынып: «Сурет салу техникасы» тәрбиеші Сағынаева Т.М. және Курумбаева Х.А. шебер сынып көрсетті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Балалардың көркемдік-эстетикалық дамуын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде және күнделікті өмірде жүйелі түрде жүзеге асыру.
2. Балалардың шығармашылық бастамаларын қолдау және әр баланың жеке қабілетін дамытуға жағдай жасау.
3. Музыкалық, бейнелеу және театрландырылған іс-әрекеттерді білім беру процесінде кеңінен қолдану.
4. Ата-аналарды көркемдік-эстетикалық тәрбие жұмыстарына тарту, бірлескен көрмелер мен байқаулар ұйымдастыру.
5. Көркемдік-эстетикалық даму ортасын жетілдіру және қажетті материалдармен толықтыру.
6. Қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Қ.Д.Бақтыбаева

Ш.А.Бодаубекова